

ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ГОРОДА
ПАВЛОДАРА

«ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІ» ММ
140000, Павлодар қаласы
Кривенко көшесі, 25
тел./факс.: 32-21-67



ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ПАВЛОДАРА»
140000, город Павлодар
ул. Кривенко, 25
тел./факс.: 32-21-67

БҰЙРЫҚ

20 18 ж. « 10 » сәуір
№ 2014/1-06 БМ

ПРИКАЗ

№ _____
« _____ » _____ 20 _____ г

**«IX Мәшһүр – Жүсіп Көпеев оқулары»
қалалық оқуларының қорытындысы туралы**

Павлодар қаласы білім беру бөлімінің жұмыс жоспарына және 2016 жылдың 15 сәуірдегі № 584 бұйрығына сәйкес «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2015 – 2016 жылдарға арналған облыстық бағдарламасын» іске асыру мақсатында №19 жалпы орта білім беру мектебінде қала оқушыларының арасында халқымыздың Ұлы ғұламасы - Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлының шығармашылығын оқушылар арасында кеңінен насихаттау мақсатымен қалалық деңгейде 2016 жылдың 19 сәуірінде «IX Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлы оқулары» өткізілді.

Мың жылда бір рет туылатын - Мәшһүр–Жүсіп Көпейұлы шығармашылығын оқушылар арасында кеңінен насихаттау, ақын шығармалары негізінде өскелең жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеу, Отанға, анаға деген сүйіспеншілігін арттыру, оқуға қатысушы оқушылардың орындаушылық шеберлігін арттырып олардың өнерінің шыңдала түсуіне сахналық мәдениетін көтеруге арқау болу оқудың негізгі мақсаты болды.

Қалалық деңгейде өткен оқуға қала мектептерінің көпшілігі қатысуға ынта білдіріп, жоғары белсенділік көрсеткен мектептер: № 2, 4, 6, 12, 13, 16,18,19, 20, 21, 22,25,28, 30,35, 37, 39, 40, ЖОМ (59 оқушы қатысты).

Оқу өте күрделі үш бағыттан тұратын II турдан өтті:

I - бағыт : «Алдыма өлең жаз деп қағаз келген, Сөзімді сөйлеп бақтым мен де білген» Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлының шығармашылық тақырыптары бойынша мүшәйра. Қатысушылар берілген тақырып бойынша (мысалы, «Анама хат») осы өлеңнің идеясын, тақырыбын дамытып, өздері ойдан өлең шығарып, шығарған өлеңдерін мәнерлеп, образға кіру арқылы оқиды.

- «Анама хат», - «Ана тілі туралы»

- «Аңыз-хикаяттар», - «Ақыл туралы», - «Тіршілік қамы»

II - бағыт: «Бас болып өнер білсең тіпті жақсы»

Мәшһүр Жүсіптің философиясына байланысты дайын ғылыми зерттеу жобасын қорғау (қорғауға берілетін уақыт 7-8 минут). Ғылыми жобаға қойылатын талап, оқушылардың ғылыми жобалар ережесіне байланысты жазды.

III – бағыт: «Білімді зерек адам болам!» - десең, Қара өзіңді басқаның айнасымен»

- Мәшһүр – Жүсіптің шығармашылығы бойынша философиялық эссе жазды (А4 форматында бір бет, орындалуы 2 сағат).

II тур (топтық сайыс).

«Түгел адам болуға талап қылсаң, Шала-шарпы жандардан сырың жасыр»

Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлының шығармашылығы бойынша білгірлер сайысы өлеңдері (жастық шағындағы), жұмбақтар, мақалдардың шығу тегі, мақалдары, оқу-ғылым, дін-ғылым (философия), өнер, тіл, қара сөздер, мақалалары бойынша сұрақтарға ауызша жауап берді.

Оқудың қорытындысы бойынша:

Бас жүлдеге № 19 жалпы орта мектебі ие болды;

I орынды – № 35,37, ОМ иеленді;

II орындарды – № 2, 35,20 жалпы орта мектептері иеленді;

III орындарға - № 6,21,22 жалпы орта мектептері қол жеткізді.

Облыс көлеміндегі өткізілетін «IX Мәшһүр Жүсіп Көпеев оқуларына» қатысу жолдамасын № 19 ЖОМ алды.

Жоғарыда айтылғандар негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «IX Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлы оқулары» қалалық оқуларын өткізуге қажетті жағдай жасағаны үшін № 19 ЖОМ Тайгулин Дәулет Амангелдіұлына алғыс жариялансын.

2. № 19 мектеп директоры оқуды өткізуге дайындық барысында белсенділігімен көзге түскен қызметкерлерді марапаттауды қамтамасыз етсін.

3. Оқуда нәтиже көрсеткен оқушылардың мұғалімдерінің еңбектері аталсын.

2. Мектеп директорларына:

1) алдағы уақытта мектеп мұғалімдерін конкурсқа қатысуға тыңғылықты дайындалуын және белсенді қатысуларын қамтамасыз етсін;

2) аталмыш конкурсқа дайындалуға негіз болатын мектептің қазақ тілін дамыту үйірмесінің жұмысын жандандырсын;

3) конкурс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін, оларды дайындаған мұғалімдерді марапаттауға тиісті шаралар қабылдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру бөлімі бастығының орынбасары өзіме қалдырамын.

Білім беру бөлімі

басшысының орынбасары



Г. Шиндлярская